



International Parkinson and
Movement Disorder Society

UDysRS

Unified Dyskinesia Rating Scale

Official MDS Kazakh Translation

Authored by:
Christopher G. Goetz
Glenn T. Stebbins
John G. Nutt

Tel +1 (414) 276-2145
Fax +1 (414) 276-3349

555 E. Wells Street, Suite 1100
Milwaukee, WI 53202-3823

www.movementdisorders.org
ratingscales@movementdisorders.org

MDS Permissions

The Unified Dyskinesia Rating Scale (UDysRS) is owned and licensed by the International Parkinson and Movement Disorder Society (MDS). Permission is required to use the scale and can be obtained by submitting a [Permissions Request Form](#) on the MDS website. For licensing inquiries, please e-mail ratingscales@movementdisorders.org.

Unauthorized reproduction, distribution, translation, or sale of any portion of the UDysRS is strictly prohibited. Changes, modifications and derivative works of the scale are not permitted without the express authorization of MDS. Including but not limited to the following, the UDysRS may not be incorporated into clinical trials, training materials, certification programs, software programs, electronic platforms, electronic medical records, databases, or devices except by permission of MDS.

Дискинезияның бірыңғай рейтинг шкаласы (UDysRS)

Жалпы шолу: Дискинезияның бірыңғай рейтинг шкаласы (UDysRS) емделген Паркинсон ауруымен жиі байланыстырылатын кездейсоқ бақыланбайтын қозғалыстарды бағалау үшін әзірленген. Шкала екі негізгі бөлімнен тұрады:

- Тарихи [1-бөлім (емнің әсері болғандағы дискинезия) және 2-бөлім (емнің әсері әлсіз болғандағы дистония)]
- Объективті [3 бөлім (кемістік) және 4 бөлім (қабілетсіздік)]

Емнің әсері болғандағы дискинезия (On-Dyskinesia) емделуші «ем әсер еткенде туындайтын қозғалыстарды жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар» деп сипаттайтын хорейлық және дистониялық қозғалыстардан тұрады.

Емнің әсері әлсіз болғандағы дистонияны (Off-Dystonia) емделушінің «Паркинсон ауруынан ем қабылдамағанда немесе ем әсер етпегенде туындайтын, жанға батып ауыратын спазмдар немесе шаншулар» деп сипаттауы.

Бағалау барысында басты назар қозғалыстардың осы екі формасына аударылады және дірілдеудің рейтингтен және паркинсонизм әсерінің өзінің бағалануының алынып тасталуына ерекше көңіл бөлу қажет.

I бөлім: Емнің әсері болғандағы дискинезия (On-Dyskinesia) рейтингі: рейтинг қоюшыға арналған нұсқаулар

Шкаланың бұл бөлігі емнің әсері болғандағы дискинезияның (On-Dyskinesia) болуын және оның емделушілердің күнделікті өміріне тигізетін әсерін бағалайды. Бұл бөлімде 11 сұрақ бар. 1А бөлімі рейтинг қоюшымен басқарылады және басты назар емнің әсері болғандағы дискинезияға жұмсалған уақытқа аударылатын бір сұрақтан тұрады. Емнің әсері әлсіз болғандағы дистония қарастырылмайды. 1В бөлімі емделушіге арналған сауалнаманың құрамдас бөлігі болып табылады, онда емнің әсері болғандағы дискинезияның күнделікті өмірге тигізетін әсері туралы он сұрақ қамтылған. 2-бөлімде басты назар емнің әсері әлсіз болғандағы дистонияға аударылады және оның құрылымы 1-ші бөлімге ұқсас келеді: 2А бөлімі рейтинг қоюшыға арналған және үш сұрақ (2В) емделушіге/күтушіге сауалнама түрінде берілген.

1А бөлімі - Рейтинг қоюшыға арналған нұсқаулар

1А бөлімін жүргізгенде, тексеруші келесі нұсқауларды басшылыққа алуы қажет:

1. Емделуші, күтуші немесе тең пропорциядағы емделуші мен күтуші ретінде бастапқы дерек көзін белгілеңіз.
2. Әр сұраққа жауап берер кезде, алдыңғы аптаны, оның ішінде ақпарат беріліп жатқан күнді қоса, есепке алыңыз.
3. Барлық элементтерге бүтін сандар берілуі керек (жарты ұпай қоюға, ұпайларсыз қалдыруға болмайды). Элемент қолданылмаған немесе бағаланбаған жағдайда (мысалы, жүре алмайтын ампутацияланған емделуші), бағалау мүмкін емес «UR» (Unable to Rate) деп белгіленеді.
4. Жауаптарда дискинезияның әдеттегі деңгейі көрсетілуі қажет және емделушілер «әдетте», «жалпы алғанда», «көбінесе» деген сияқты сөздерді қолдана алады.
5. Сіз қоятын әрбір сұрақ сізге оқып шығу үшін берілетін мәтіннен тұрады (емделушілерге/күтушілерге арналған нұсқаулар). Осы мәлімдемеден кейін, рейтинг қоюшыға арналған нұсқаулықтардағы негізгі симптомдардың түріне қарай сіз қосымша түсіндірме беріп және толық жауап алу үшін қосымша сұрақтар қоя отырып, зерттеуді бастауға болады. Емделушіге/күтушіге БАҒАЛАУ НҰСҚАЛАРЫН ОҚУДЫҢ қажеті жоқ, өйткені бұл медициналық терминологияда жазылған. Жақсы жауап алу үшін, сіз сұхбат пен арнайы сұрақтарға сүйене отырып, медициналық пікіріңізді қолданасыз.
6. Бірінші бөлімде емнің әсері болғандағы дискинезияның хорейлық және дистониялық түрлері қарастырылады және мұнда емнің әсері әлсіз болғандағы дистония бағаланбайды (кейінірек қарастырылады). Оған қоса, емделушіге бағалаудың басты назарында паркинсонизмнің өзі немесе дірілдеу емес екендігін ескерту қажет.
7. Егер 2-11 сұрақтары (1В бөлімі) нөлден жоғары жауаптардан тұрса, «ЕМНІҢ ӘСЕРІ БОЛҒАНДАҒЫ ДИСКИНЕЗИЯҒА ЖҰМСАЛҒАН УАҚЫТ» туралы сұраққа жауап берген кезде (1-сұрақ), өткен апта кезіндегі дискинезия негізге алынғандығына көз жеткізіңіз. Егер 13-15 сұрақтары (2В бөлімі) нөлден жоғары жауаптардан тұрса, «ЕМНІҢ ӘСЕРІ ӘЛСІЗ БОЛҒАНДАҒЫ ДИСТОНИЯҒА ЖҰМСАЛҒАН УАҚЫТ» туралы сұраққа жауап берген кезде (12-сұрақ), өткен

апта кезіндегі дистония негізге алынғандығына көз жеткізіңіз.1А бөлімі: ЕМНІҢ ӘСЕРІ БОЛҒАНДАҒЫ ДИСКИНЕЗИЯ (On-Dyskinesia)

Емделушіге арналған нұсқауды оқып шығыңыз:

Мен сізге Паркинсон ауруын емдеу үшін қабылданған емнің әсер етіп жатқан кезінде туындайтын, жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстарды сипаттайтын медициналық термин - емнің әсері болғандағы дискинезия туралы сұрақтар қоймақшымын. Менің қоятын сұрақтарым және сіз келесі бірнеше минут бойы жауап беретін сауалнамаңыз қалтырауға, яғни артқа және алға қарай ырғақты дірілдеу немесе Паркинсон ауруының өзіне қатысты баяулық немесе сіресудің кезкелген бөлігіне қатысты емес. Емнің әсері болғандағы дискинезия деп аталатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар қарастырылмақшы, бұл дискинезия Паркинсон ауруының медициналық емделуімен байланыстырылуы мүмкін. Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрмекті қабылдамаған кезде немесе дәрі-дәрмек әсер етпегенде пайда болатын спазмдарды ескермеңіз. Мен бұл спазмдар туралы кейінірек сұраймын. **Паркинсон ауруын емдеу үшін қабылдаған емнің әсер етіп жатқан кезінде туындайтын, жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстарға ғана назар аударыңыз.**

Бастапқы ақпарат көзі:

__Емделуші

__Күтуші

__Тең пропорциядағы емделуші мен күтуші

1.А бөлімі . ЕМ ӘСЕР ЕТКЕНДЕГІ ДИСКИНЕЗИЯ (On-Dyskinesia) [емнің әсері әлсіз болғандағы дистонияны қоспағанда] – бағалаушыға толтыруға арналған

1. ЕМ ӘСЕР ЕТКЕНДЕГІ ДИСКИНЕЗИЯМЕН ӨТКІЗІЛГЕН УАҚЫТ

Зерттеушіге арналған нұсқаулықтар: Емделушінің кәдімгі ұйқыдан сергек күндері неше сағат ем әсер етіп жатқан жағдайда жүретінін (ON уақытын) сонда кейін дискинезиямен өткен уақытын анықтаңыз. Пайызын есептеңіз. Егер клиникаңызға келген уақытта емделушіде дискинезия орын алып жатқан жағдайда, емделуші мен күтуші осы сауалнаманы дұрыс түсініп толтыруын қамтамасыз ету мақсатында, сол уақытта болып жатқан дискинезияға сілтеме жасаңыз. Сондай-ақ, емделушінің өзінде бұрын байқалған дискинетикалық қозғалыстарды немесе басқа емделушілерге тән дискинетикалық қозғалыстарды сипаттап көрсету үшін, өзіңіздің актерлік шеберлігіңізді қолдана аласыз. Таңертеңгі және түнгі уақыттағы жанға батып ауыратын дистонияны бұл сұраққа енгізбеңіз.

Емделушіге [және күтушіге] арналған нұсқаулар: Соңғы аптада сіз әдетте күн сайын, түнгі және күндізгі ұйқыны қоса алғанда, қанша сағат ұйықтайсыз? Жарайды, егер сіз _____ сағат ұйықтасаңыз, сіз _____ сағат ұйқыдан сергек жүресіз. ұйқыдан сергек жүрген уақыт аралығында, сіз қабылдап жатқан Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрілеріңіз барлығы қанша сағат бойы әсер етеді (_____ сағат)? Қабылдап жатқан еміңіз әсер еткен уақыт аралығында жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар бола ма? Бұрақты артқа және алға қарай дірілдеу болып табылатын қалтырау болған кездерін немесе Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрі әсер етпегенде немесе дәріні қабылдамаған кезде жанға батып ауыратын шаниулар немесе спазмдар болған кездегі уақытты есептемеңіз. Мен бұл туралы кейінірек сұраймын. Паркинсон ауруын емдеу үшін қабылдаған емнің әсер етіп жатқан кезінде туындайтын, жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстардың түріне ғана назар аударыңыз. Емделуші ұйқыдан сергек болған уақыт аралығында, Паркинсон ауруын емдеу үшін қабылдаған емнің әсер етіп жатқан кезінде орын алатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар болған барлық уақытты санап қосыңыз. Қанша сағат _____ (осы санды сіздің есебіңіз үшін пайдаланыңыз).

- 0: Қалыпты: Дискинезия жоқ.
- 1: Өте жеңіл On уақыттың ≤ 25%.
- 2: Жеңіл On уақыттың 26 - 50%.
- 3: Орташа: On уақыттың 51 - 75%.
- 4: Ауыр: On уақыттың > 75%.

1. On уақытының толық сағат	_____
2. On - Дискинезия орын алған уақыттың барлық сағат	_____
3. On - Дискинезия % = ((2/1)*100):	_____

1 В бөлімі: Емделушінің дискинезиясы жөнінде сауалнама:

Берілген сауалнамада сізге Паркинсон ауруын емдеу үшін қабылдаған емнің әсер етіп жатқан кезде туындайтын қозғалыстардың (Оп-Дискинезия) әсері туралы сұрақтар қойылады. **Ем әсер еткендегі дискинезия (Оп-Дискинезия) дегеніміз Паркинсон ауруымен ауыратын емделушілердің, ем әсер еткен уақытта пайда болатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстары.**

Дискинезияның сіздің күнделікті істеріңізге қаншалықты әсер ететіндігі жайлы сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз.

Осы сұрақтарға сіздің басқа проблемаңыз іс-әрекеттеріңізге қалай әсер етуі негізінде жауап бермеңіз.

- Жауап берген кезде, Паркинсон ауруының бөлігінің өзі болып табылатын қалтырауды, яғни ырғақты артқа және алға қарай дірілдеу негізге алмаңыз.
- Жауап берген кезде, Паркинсон ауруының бөлігінің өзі болып табылатын баяулықты немесе сіресу сәтін негізге алмаңыз.
- Жауап берген кезде, ем әсер етпеген кезде туындайтын, жанға батып ауыратын шаншуларды немесе спазмдарды негізге алмаңыз. Сіз бұл мәселе жайлы сұрақтарға кейінірек жауап бересіз.
- Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрілер әсер етіп жатқан кезде пайда болатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстарға ғана назар аударыңыз.

Сауалнама 10 сұрақтан тұрады. Біз мұқият болуға тырысамыз, кейбір сұрақтар қазіргі уақытта сізге қатысы жоқ немесе ешқашан қатысы болмаған мәселелер жайлы болуы мүмкін. Егер сұрақтың сізге қатысы болмаса, «ЖОҚ» деп 0-ді белгілеңіз.

Әрбір сұрақты мұқият оқып, сізге ең сәйкес келетін жауапты таңдамас бұрын, барлық жауаптарды оқып шығыңыз.

Бізге бүгінгі күнмен қоса, соңғы апта ішінде ем әсер еткендегі дискинезияңыздың орташа немесе әдеттегі әсерін білу қажет. Әрбір сұраққа тек бір ғана жауап беріледі, сондықтан емнің әсері болған жағдайда, ем әсер еткендегі дискинезияның уақыттың көбінде сіздің күнделікті әрекеттеріңізге әсер етуін жақсырақ сипаттайтын жауапты белгілеңіз.

Жауап беру үшін тек 0, 1, 2, 3, 4 белгілеңіз, басқаны қолданбаңыз. Ешқандай бос орын қалдырмаңыз.

Сұрақтарды сізбен бірге дәрігеріңіз немесе медбикеңіз қарастыра алады, бірақ бұл сауалнама емделушінің өзімен немесе олардың күтушілерімен бірге толтырылуы үшін арналған.

Сауалнама кіммен толтырылатынын белгілеңіз (көбірек сәйкес келетін жауапты таңдаңыз)

__Емделуші __Күтуші __Емделуші мен күтуші

2. СӨЙЛЕУ: Соңғы аптада Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрі әсер еткенде, ем әсер еткендегі дискинезия (Оп-дискинезия) деп аталатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар әдетте сөйлеуге кедергі келтірді ме? Паркинсон ауруынан туындайтын проблемаларды емес, тек дискинезияның әсерін ғана қарастырыңыз. **ҰПАЙ**

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ. _____
- 1: Slight: Дискинезия болды, бірақ сөйлеуге кедергі жасаған жоқ.
- 2: Mild: Дискинезияның әсерінен сөйлеу кезінде біршама проблемалар туындады және адамдар әлдеқалай менен айтқанымды қайталауымды сұрайды.
- 3: Moderate: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, дискинезиядан туындаған көптеген проблемалардың салдарынан, сөйлеуге тырыстым.
- 4: Severe: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, айтқанымның көбі немесе барлығы түсініксіз болды.

3. ТАМАҚТЫ ШАЙНАУ ЖӘНЕ ЖҰТУ:

ҰПАЙ

Соңғы аптада Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрі әсер еткенде, ем әсер еткендегі дискинезия деп аталатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар әдетте тамақты шайнау мен жұтуға кедергі келтірді ме? Қақалып қалмас үшін, дәріні бөлшектеп, ұсақтайсыз ба немесе тамақты жұмсартып, турап немесе араластырасыз ба? Паркинсон ауруынан туындайтын проблемаларды емес, тек дискинезияның әсерін ғана қарастырыңыз.

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ. _____
- 1: Slight: Дискинезия болды, бірақ тамақты шайнау мен жұтуға кедергі жасаған жоқ.
- 2: Mild: Дискинезияның әсерінен тамақты шайнау мен жұту кезінде біршама проблемалар туындады және ем әсер еткендегі дискинезияның әсерінен тамақты шайнауға немесе жұтуға көбірек уақыт жұмсадым.
- 3: Moderate: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, дискинезиядан туындаған көптеген проблемалардың салдарынан, тамақты шайнауға және жұтпауға тырыстым.
- 4: Severe: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, тамақты шайнап, жұта алмадым.

4. ТАМАҚТАНУ ТАПСЫРМАЛАРЫ: Соңғы аптада Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрі әсер еткенде, ем әсер еткендегі дискинезия деп аталатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар әдетте тамақты қолыңызға ұстауда және ас-су ішетін ыдыстарды пайдалануда кедергі келтірді ме? Мысалы, саусақпен ұсталып желінетін тамақты ұстауда немесе шанышқыларды, пышақтарды, қасықтарды, таяқшаларды қолдануда қиындықтар болды ма? Паркинсон ауруынан туындайтын проблемаларды емес, тек дискинезияның әсерін ғана қарастырыңыз.

ҰПАЙ

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ.
- 1: Slight: Дискинезия болды, бірақ тамақтануға кедергі жасаған жоқ.
- 2: Mild: Дискинезияның әсерінен тамақтану кезінде біршама проблемалар туындады және ем әсер еткендегі дискинезияның әсерінен тамақтануға көбірек уақыт жұмсадым.
- 3: Moderate: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, дискинезиядан туындаған көптеген проблемалардың салдарынан тамақтанбауға тырыстым.
- 4: Severe: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, тамақтану үшін, әрқашан немесе көп жағдайда басқа адамдардың көмегі қажет болды.

5. КИІНУ: Соңғы аптада Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрі әсер еткенде, ем әсер еткендегі дискинезия деп аталатын шамадан жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар әдетте киінуге кедергі келтірді ме? Мысалы, түймелерді, сырмалы құлыпты салуда, әшекей мен киіміңізді киіп-шешуде басқалардың көмегі қажет болды ма? Паркинсон ауруынан туындайтын проблемаларды емес, тек дискинезияның әсерін ғана қарастырыңыз.

ҰПАЙ

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ.
- 1: Slight: Дискинезия болды, бірақ киінуге кедергі жасаған жоқ.
- 2: Mild: Дискинезияның әсерінен киіну кезінде біршама проблемалар туындады және ем әсер еткендегі дискинезияның әсерінен киінуге көбірек уақыт жұмсадым.
- 3: Moderate: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, дискинезиядан туындаған көптеген проблемалардың салдарынан киінбеуге тырыстым.
- 4: Severe: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, киіну үшін, әрқашан немесе көп жағдайда басқа адамдардың көмегі қажет болды.

6. ЖЕКЕ БАС ГИГИЕНАСЫ: Соңғы аптада Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрі әсер еткенде, ем әсер еткендегі дискинезия деп аталатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар әдетте жеке бас гигиенасын сақтауға кедергі келтірді ме? Мысалы, өткен аптада қимыл-қозғалысыңыз баяулап, жуытуда, ваннаға, душқа түсуде, қырытуда, тісіңізді ысуда, шашыңызды тарауда немесе басқа да жеке бас гигиенасына байланысты жағдайларда басқа адамдардың көмегі қажет болды ма? басқалардың көмегі қажет болды ма? Паркинсон ауруынан туындайтын проблемаларды емес, тек дискинезияның әсерін ғана қарастырыңыз.

ҰПАЙ

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ.
- 1: Slight: Дискинезия болды, бірақ жеке бас гигиенасына кедергі жасаған жоқ.
- 2: Mild: Дискинезияның әсерінен жеке бас гигиенасын сақтау кезінде біршама проблемалар туындады және ем әсер еткендегі дискинезияның әсерінен жеке бас гигиенасына көбірек уақыт жұмсадым.
- 3: Moderate: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, дискинезиядан туындаған көптеген проблемалардың салдарынан жеке бас гигиенасына байланысты шаруаларды жасамауға тырыстым.
- 4: Severe: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, жеке бас гигиенасын сақтау үшін, әрқашан немесе көп жағдайда басқа адамдардың көмегі қажет болды.

7. ҚОЛЖАЗБА: Соңғы аптада Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрі әсер еткенде, ем әсер еткендегі дискинезия деп аталатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар әдеттегі қолжазбаңызға кедергі келтірді ме? Паркинсон ауруынан туындайтын проблемаларды емес, тек дискинезияның әсерін ғана қарастырыңыз.

ҰПАЙ

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ.
- 1: Slight: Дискинезия болды, бірақ менің қолжазбама кедергі жасаған жоқ.
- 2: Mild: Дискинезияның әсерінен қолжазба кезінде біршама проблемалар туындады және ем әсер еткендегі дискинезияның әсерінен қолжазбаға көбірек уақыт жұмсадым.
- 3: Moderate: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, дискинезиядан туындаған көптеген проблемалардың салдарынан жазбауға тырыстым.
- 4: Severe: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, жазғанымның көбі немесе барлығы түсініксіз болды.

8. ХОББИ (ЕРМЕК ІС) ЖӘНЕ БАСҚА ДА ӘУЕС ІСТЕР: Соңғы аптада Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрі әсер еткенде, ем әсер еткендегі дискинезия деп аталатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар әдетте өзіңіз ұнататын хоббиіңізбен және басқа да әуес істеріңізбен айналысуға кедергі келтірді ме? Паркинсон ауруынан туындайтын проблемаларды емес, тек дискинезияның әсерін ғана қарастырыңыз.

ҰПАЙ

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ.
- 1: Slight: Дискинезия болды, бірақ әуес істеріммен айналысуға кедергі жасаған жоқ.
- 2: Mild: Дискинезияның әсерінен әуес істеріммен айналысуда біршама проблемалар туындады және ем әсер еткендегі дискинезияның әсерінен әуес істеріммен айналысуға көбірек уақыт жұмсадым.
- 3: Moderate: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, дискинезиядан туындаған көптеген проблемалардың салдарынан хоббиіммен және басқа да әуес істеріммен айналыспауға тырыстым.
- 4: Severe: Дискинезия болған кезде, хоббиіммен және басқа да әуес істеріммен айналыса алмадым.

9. ЖАЯУ ЖҮРУ ЖӘНЕ ТЕПЕ-ТЕНДІК САҚТАУ: Соңғы аптада Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрі әсер еткенде, ем әсер еткендегі дискинезия деп аталатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар әдеттегі жүрісіңізге және тепе-теңдік сақтауға кедергі келтірді ме? Паркинсон ауруынан туындайтын проблемаларды емес, тек дискинезияның әсерін ғана қарастырыңыз.

ҰПАЙ

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ.
- 1: Slight: Дискинезия болды, бірақ жүру кезінде немесе тепе-теңдік сақтауға кедергі жасаған жоқ.
- 2: Mild: Дискинезияның әсерінен жүру кезінде біршама проблемалар туындады. Ем әсер еткендегі дискинезияның әсерінен, жүру кезінде көбірек уақыт жұмсадым және кездейсоқ басқа нәрселерге соқтығысып қалатынымын.
- 3: Moderate: Дискинезиядан туындаған көптеген проблемалардың салдарынан, әдетте, мен құлап қалмай, қауіпсіз жүру үшін, көмекші құралды қолдандым (таяқ, жүріс арбасы). Бірақ, әдетте басқа адамның көмегі қажет болған жоқ. Дискинезия болған кезде, жаяу жүрмеуге тырыстым.
- 4: Severe: Дискинезия болған кезде, құламай, қауіпсіз жүре алмадым.

10. Қоғамдық және әлеуметтік ортада өзін ұстау: Соңғы аптада Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрі әсер еткенде, ем әсер еткендегі дискинезия деп аталатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар әдетте қоғаммен немесе басқа адамдармен араласуға кедергі келтірді ме? Паркинсон ауруынан туындайтын проблемаларды емес, тек дискинезияның әсерін ғана қарастырыңыз.

ҰПАЙ

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ.
- 1: Slight: Дискинезия болды, бірақ қоғаммен немесе басқа адамдармен араласуға кедергі жасаған жоқ.
- 2: Mild: Дискинезияның әсерінен қоғаммен немесе басқа адамдармен араласу кезінде, біршама проблемалар туындады. Қоғамда сақ болуға тырыстым, бірақ адамдармен араласудан бас тарттым.
- 3: Moderate: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, дискинезиядан туындаған көптеген проблемалардың салдарынан, кейде адамдармен араласудан бас тарттым.
- 4: Severe: Дискинезия болған кезде, адамдармен, тіпті достарыммен немесе отбасыммен бола алмадым.

11. Толғандыратын немесе эмоционалдық жағдайлар: Соңғы аптада Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрі әсер еткенде, ем әсер еткендегі дискинезия деп аталатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстар әдетте эмоционалдық әңгімелесулерді жүргізуге, толғандыратын фильмдерді көруге, немесе басқа да қатты ынталандыратын жағдайлар кезінде кедергі келтірді ме? Паркинсон ауруынан туындайтын проблемаларды емес, тек дискинезияның әсерін ғана қарастырыңыз.

ҰПАЙ

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ.
- 1: Slight: Дискинезия болды, бірақ толғандыратын немесе эмоционалдық жағдайлар кезінде кедергі жасаған жоқ.
- 2: Mild: Дискинезияның салдарынан біршама проблемалар туындады.
- 3: Moderate: Ем әсер еткендегі дискинезия болған кезде, дискинезиядан туындаған көптеген проблемалардың салдарынан, кейде толғандыратын немесе эмоционалдық жағдайлардың орын алуынан бас тарттым.
- 4: Severe: Дискинезия болған кезде, толғандыратын жағдайларда бола алмадым.

Егер 2-11 (1В бөлімі) сұрақтарға берілген жауаптар 0 – ден жоғары болса, «ЕМ ӘСЕР ЕТКЕНДЕГІ ДИСКИНЕЗИЯМЕН ӨТКІЗІЛГЕН УАҚЫТ АРАЛЫҒЫ» (1 сұрақ) тек соңғы апта кезіндегі дискинезияның қарастырылғанына көзіңізді жеткізіз.

2 бөлім: Ем әсер етпегендегі дистонияның (Off-дистония) рейтингі:

Жалпы шолу:

Берілген бағалау бөлімінде ем әсер етпегендегі дистонияның (Off-дистония) болуы және оның емделушінің күнделікті өміріндегі әрекеттеріне әсері бағаланады. Бөлім 4 сұрақтан тұрады. 2А бөлімін бағалаушының өзі (бір сұрақ) жүргізеді және басты назар ем әсер етпегендегі дистониямен өткізілген уақытқа аударылады. 2В бөлімі Емделушіге арналған сауалнаманың құрамдас бөлігі болып табылады, бұл бөлімде ем әсер етпегендегі жанға батып ауыратын дистонияның емделушінің күнделікті өміріндегі әрекеттеріне әсері қарастырылады.

Бағалаушы 2А бөлімін жүргізген кезде, келесі нұсқаулықтарды басшылыққа алуы тиіс:

1. Әр сұрақтарға жауап берер кезде, алдыңғы аптаны, оның ішінде ақпарат беріліп жатқан күнді қоса, есепке алыңыз.
2. Барлық элементтерге бүтін сандар берілуі керек (жарты ұпай қоюға, ұпайларсыз қалдыруға болмайды). Элемент қолданылмаған немесе бағаланбаған жағдайда (мысалы, жүре алмайтын ампутиацияланған емделуші), бағалау мүмкін емес «UR» (Unable to Rate) деп белгіленеді.
3. Жауаптарда ем әсер етпегендегі дистонияның әдеттегі деңгейі көрсетілуі қажет және емделушілер «әдетте», «жалпы алғанда», «көбінесе» деген сияқты сөздерді қолдана алады.
4. Сіз қоятын әрбір сұрақ сізге оқып шығу үшін берілетін мәтіннен тұрады (емделушілерге/күтушілерге арналған нұсқаулар). Осы мәлімдемеден кейін, рейтинг қоюшыға арналған нұсқаулықтардағы негізгі симптомдардың түріне қарай сіз қосымша түсіндірме беріп және толық жауап алу үшін қосымша сұрақтар қоя отырып, зерттеуді бастауға болады. Емделушіге/күтушіге БАҒАЛАУ НҰСҚАЛАРЫН ОҚУДЫҢ қажеті жоқ, өйткені бұл медициналық терминологияда жазылған. Жақсы жауап алу үшін, сіз сұхбат пен арнайы сұрақтарға сүйене отырып, медициналық пікіріңізді қолданасыз.
4. Бұл бөлімде ем әсер етпегендегі дистония қарастырылады және ол жиі емделушінің дәріні қабылдамайтын кездегі, яғни, таңғы және түнгі уақыттағы дистонияны немесе емделушінің паркинсонға қарсы дәрісінің доза циклі аяқталып паркинсон белгілері дамыған кездегі дистонияны қамтиды. Емделушіге бағалаудың басты назарында паркинсонизмнің өзі, қалтырау немесе алдыңғы бөлімде қарастырылып кеткен ем әсер еткендегі дискинезия емес, ал ем әсер етпегендегі дистония екендігін ескерту қажет.

Берілген мәлімдемені емделушіге оқып беріңіз:

Мен сізден ем әсер етпегендегі дистония - қозғалыстың басқа түрі туралы сұрақтар қоймақшымын. Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәріні қабылдамаған кезде немесе қабылдаған дәрі әсер етпеген жағдайда туындайтын спазмдар немесе шаншулар туралы сұрамақшымын. Біз бұл сәтті OFF-күйі деп атаймыз. OFF-күйіндегі дистония кейде жанға батып ауырады және бұл шаншулар жиі кезде таңғы немесе түнгі уақытта туындайды, алайда, кейде Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрілер әсер етпегенде, кенеттен басқа уақытта да орын алуы мүмкін.

OFF-күйіндегі дистония аяқ және аяқ бастарына немесе дененің басқа да мүшелеріне әсер етуі мүмкін. Менің қоятын сұрақтарым және сіз келесі бірнеше минут бойы жауап беретін сауалнамаңыз қалтырауға қатысты емес, себебі қалтырау ылғи артқа және алға қарай дірілдеу болып табылады. Сонымен қатар, сұрақтарым Паркинсон ауруының баяулық немесе сіресу белгілерінің өзі де жайлы қойылмайды. Қорытындылай келгенде, сұрақтардың жоғарыда қамтылып кеткен дискинезия деп аталатын жұлқымалы немесе бұралаңқы қозғалыстарға қатысы жоқ. Сұрақтарға жауап берерде, басты назарды тек OFF-күйіндегі дистония деп аталатын спазмдарға немесе шаншуларға ғана аударыңыз.

(рейтинг қоюшымен толтырылады)

ҰПАЙ

12. OFF-КҮЙІНДЕГІ ДИСТОНИЯМЕН ӨТКІЗІЛГЕН УАҚЫТ

Танертенгі дәріні қабылдас бұрын, мүмкін кешкі уақытта немесе қабылданған дәрінің әсері біткенде, күн ішінде, соңғы аптада, әдетте күніне неше сағат бойы баяулық және сіресу күйінде болғаныңыз туралы ойланыңыз. OFF-күйіндегі уақыт аралығында неше сағат немесе қанша минут бойы OFF-күйіндегі дистония деп аталатын спазмдар немесе шаншулар болды?

- 0 = Ешқашан
- 1 = күніне 30 минуттан кем
- 2 = күніне 60 минуттан кем
- 3 = күніне екі сағаттан кем
- 4 = күніне екі сағаттан артық

Емделушіге арналған сауалнама:

2 В бөлімі: Емделушіге арналған сауалнама:

Нұсқаулықтар:

Берілген сауалнамада Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәріні қабылдамаған кезде немесе қабылдаған дәрі әсер етпеген жағдайда туындайтын спазмдар немесе шаншулар туралы сұрамақшымын. Біз бұл сәтті OFF-күйі деп атаймыз. OFF-күйіндегі дистония кейде жанға батып ауырады және бұл шаншулар жиі кезде таңғы немесе түнгі уақытта туындайды, алайда, кейде Паркинсон ауруын емдеуге арналған дәрілер әсер етпегенде, кенеттен басқа уақытта да орын алуы мүмкін.

Сіздің басқа проблемаңыз іс-әрекеттеріңізге қалай әсер ететініне байланысты сұрақтарға жауап бермеңіз.

- Жауап берген кезде, ырғақты артқа және алға қарай дірілдеу және Паркинсон ауруының бөлігінің өзі болып табылатын қалтырауды негізге алмаңыз.
- Жауап берген кезде, Паркинсон ауруының бөлігінің өзі болып табылатын баяулықты немесе сіресу сәтін негізге алмаңыз.
- Жауап берген кезде, сіз бағалап қойған жұлқымалы, бұралаңқы қозғалыстарды негізге алмаңыз.

Басты назарды тек OFF-күйіндегі дистония деп аталатын спазмдарға немесе шаншуларға ғана аударыңыз. Жалпы алғанда, бұл қозғалыстар таңғы немесе түнгі уақытта немесе дәрінің әсері біткенде туындайды. Кейбір кездері спазмдар жанға батып ауырады.

Сауалнама 3 сұрақтан тұрады. Біз мұқият болуға тырысамыз, кейбір сұрақтардың қазіргі уақытта сізге қатысы жоқ немесе ешқашан қатысы болмаған мәселелер жайлы болуы мүмкін. Егер сұрақтың сізге қатысы болмаса, «ЖОҚ» деп 0-ді белгілеңіз.

Әрбір сұрақты мұқият оқып, сізге ең сәйкес келетін жауапты таңдамас бұрын, барлық жауаптарды оқып шығыңыз.

Бізге бүгінгі күнмен қоса, соңғы апта ішінде, ем әсер етпегендегі дистонияңыздың орташа немесе күнделікті әсерін білу қажет. Әрбір сұраққа тек бір ғана жауап беріледі, сондықтан уақыттың көбін қалай өткізетіңізді жақсырақ сипаттайтын жауапты белгілеңіз.

Жауап беру үшін тек 0, 1, 2, 3, 4 белгілеңіз, бұдан бөлек нұсқалар жоқ. Ешқандай бос орын қалдырмаңыз.

Сұрақтарды сізбен бірге дәрігеріңіз немесе медбикеңіз қарастыра алады, бірақ бұл сауалнама емделушінің өзімен немесе олардың күтушілерімен бірге толтырылуы қажет.

Сауалнама кіммен толтырылатынын белгілеңіз (көбірек сәйкес келетін жауапты таңдаңыз)

 Емделуші **Күтуші** **Емделуші мен күтуші**

13. АУЫРСЫНУДАН БӨЛЕК, OFF-күйіндегі дистония деп аталатын шаншулардың немесе спазмдардың күнделікті әрекеттерге болатын әсерлері. Соңғы аптада, ауырсынудан бөлек, OFF-күйіндегі дистония деп аталатын шаншулар немесе спазмдар болды ма? **ҰПАЙ**

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ. _____
- 1: Slight: OFF-күйіндегі дистония болды, бірақ күнделікті әрекеттеріме кедергі жасаған жоқ.
- 2: Mild: OFF-күйіндегі дистонияның әсерінен күнделікті әрекеттер кезінде біршама проблемалар туындады және күнделікті әрекеттерімді орындауға көбірек уақыт жұмсадым.
- 3: Moderate: OFF-күйіндегі дистониядан туындаған көптеген проблемалардың салдарынан, күнделікті әрекеттерімді істемеуге тырыстым.
- 4: Severe: OFF-күйіндегі дистония болған кезде, күнделікті әрекеттерімнің көбін орындай алмадым.

14. OFF-күйіндегі дистониядан туындайтын ауырсынудың күнделікті әрекеттерге әсері: OFF-күйіндегі дистония деп аталатын спазмдар немесе шаншулар болған кезде, ауырсыну сіздің күнделікті әрекеттеріңізді шектеді ме? **ҰПАЙ**

- 0: Normal: Проблемалар мүлдем жоқ, OFF-күйіндегі дистониядан ауырсыну жоқ. _____
- 1: Slight: OFF-күйіндегі дистониядан ауырсыну болды, бірақ бұл ауырсыну менің күнделікті әрекеттеріме бөгет жасаған жоқ.
- 2: Mild: OFF-күйіндегі дистониядан туындаған ауырсынудың салдарынан біршама проблемалар туындады және OFF-күйіндегі дистониядан туындаған ауырсынудың салдарынан күнделікті әрекеттерімді орындауға көбірек уақыт жұмсадым.
- 3: Moderate: OFF-күйіндегі дистониядан туындаған ауырсынудың салдарынан, жеткілікті проблемалар туындағандықтан, күнделікті әрекеттерімді істемеуге тырыстым.
- 4: Severe: Дистония ауырсынуының салдарынан, күнделікті әрекеттерімнің көбін орындай алмадым.

15. Дистонияның ауырсынуы: Орташа алғанда, соңғы аптада OFF-күйіндегі дистониядан туындаған спазмдардың немесе шаншулардың салдарынан болған ауырсыну қаншалықты қатты болды? **ҰПАЙ**

- 0: Normal: Жанға батып ауырмайды.
1: Slight: Жеңіл дейгейдегі ауру немесе қолайсыздық.
2: Mild: Орташа дейгейдегі ауру немесе қолайсыздық.
3: Moderate: Қатты қолайсыздық тудырады.
4: Severe: Адам шыдағысыз ауру.

Егер 13-15 (2В бөлімі) сұрақтарға берілген жауаптар 0 – ден жоғары болса, «ЕМ
ӘСЕР ЕТПЕГЕНДЕГІ ДИСТОНИЯМЕН ӨТКІЗІЛГЕН УАҚЫТ
АРАЛЫҒЫНДА» (12 сұрақ) тек соңғы апта кезіндегі дистонияның
қарастырылғанына көзіңізді жеткіңіз.

3 бөлім. ДИСКИНЕЗИЯЛЫҚ ҚАБІЛЕТСІЗДІКТІҢ ОБЪЕКТИВТІК БАҒАСЫ

Рейтинг қоюшыға арналған нұсқаулар: Берілген бөлімде, сіз емделушіні бақылайсыз немесе емделушінің төрт түрлі күнделікті әрекеттерін бейнетаспа арқылы бақылайсыз.

- Әрбір тапсырма кезінде дискинезияның жалпы қарқындылығына ұпай (хореялық дискинезия мен дистониядан тұратын дене мүшелеріне жалпы рейтинг) қоя отырып, БҰЗЫЛУДЫ бағалайсыз.
- Әрбір тапсырма кезінде дискинезияның функционалдық әсеріне ұпай қоя отырып, ҚАБІЛЕТСІЗДІКТІ бағалайсыз.
- Содан соң, сіз өзіңіз бақылаған дискинезияның әртүрлі түрлерін бақылап, ең айқын көрінген дискинезияның түрін бағалайсыз.
- Әрбір дене мүшесіне берілетін Бұзылудың қорытынды ұпайы болып төрт әрекет кезінде сол дене мүшесінде бағаланған ең жоғарғы ұпай болып саналады. Ең жоғарғы ұпайды мәліметтер парағына еңгізіңіз.
- ҚАБІЛЕТСІЗДІК ұпайы төрт әрекеттің әрбіреуіне енгізіледі.
- Бағалау кезінде, паркинсонизмнен туындаған кемсіздіктерді ескермеңіз.

Бейнетаспаны бақылауға немесе зерттеуді жүргізуге арналған нұсқаулар.

Қарым-қатынас жасау: емделушіден бағалаушыға немесе камераға қарауын сұраңыз және суретті сипаттаңыз (куки-файлының ұрлықшысы сипатталған суретті көрсетуге кеңес беріледі, алайда, басқа суреттерді де қолдануға болады). Көз контактісін сақтау қабілетін, сөз қарқынын, сөздердің айтылуын және емделуші мен тыңдаушының көңілінің бөлінуін бағалай отырып, қозғалыстардың олардың қарым-қатынас жасауға қалай кедергі келтіретінін бағалаңыз. Паркинсонизмнің салдарынан туындаған дизартрияны ескермеңіз.

Саптыаяқтан ішу: емделушіден 1 см биіктікке дейін су толтырылған 4 мл-дық шыны аяқты доминантты қолмен көтеріп, ерніне апарып, ішіндегі суды ішіп, шыны аяқты үстелдің үстіне қоюын сұраңыз. Паркинсонизмнің салдарынан туындаған брадикинезияны немесе қалтырауды ескермеңіз.

Киіну: емделушіден лабораториялық халатты киіп, халаттың үш түймесін тағып, содан соң түймелерді қайта ағытып, халатты шешуін сұраңыз [тапсырманы 60 секунд ішінде орындауына рұқсат беріңіз]. Паркинсонизмнің салдарынан туындаған брадикинезияны немесе қалтырауды ескермеңіз.

Орнынан қозғалу: Емделушіден орындықтан тұрып, 15 фут жүріп, қайта қайтып, орындыққа отыруын сұраңыз. Паркинсонизмнің салдарынан туындаған брадикинезияны немесе қалтырауды ескермеңіз.

Rush таспаға түсіру протоколы

ҚАРҚЫНДЫЛЫҚ ШКАЛАСЫ: БҰЗЫЛЫС (3 БӨЛІМ)

0=Дискинезия жоқ

1=Бірмәнді емес немесе жеңіл дәрежелі дискинезия

2=Еркін қозғалыстар жасауға бөгет жасамайтын немесе интрузивтік емес қозғалыстардан тұратын орташа дәрежелі дискинезия

3=Кедергі жасайтын, бірақ сонда да қозғалыстарды еркін жасауға немесе позаға мүмкіндік беретін ауыр дәрежелі дискинезия

4= Қозғалыстарды еркін жасауға немесе кейбір позаларға мүмкіндік бермейтін, қабілеттікті шектейтін дискинезия

Қабілетсіздік шкаласы	Қарым-қатынас жасау	Су ішу	Киіну	Орнынан қозғалу	Ең жоғарғы ұпай
Бет					(16)
Мойын					(17)
Оң қол/иық					(18)
Сол қол/иық					(19)
Дене					(20)
Оң аяқ\сан					(21)
Сол аяқ\сан					(22)

ҚАБІЛЕТСІЗДІК ШКАЛАСЫ (4 БӨЛІМ)

Қарым-қатынас жасау

0= Дискинезия жоқ

1= Дискинезия бар, бірақ қарым-қатынас жасау қабілетіне әсер етпейді

2= Дискинезия қарым-қатынас жасау қабілетіне әсер етеді, бірақ емделушінің сөздері түсінікті

3= Дискинезия қарым-қатынас жасау қабілетіне әсер етеді, соның салдарынан, сөйлеушінің жалпы айтайын деген ойы түсінікті болғанымен, кейбір сөздері түсініксіз

4= Дискинезия қарым-қатынас жасау қабілетіне толығымен кедергі жасайды _____(23)

Шыны аяқтан су ішу

0= Дискинезия жоқ

1= Дискинезия бар, бірақ тапсырманы орындауға әсер етпейді

2=Дискинезия тапсырманы епті орындауға кедергі жасайды, бірақ емделуші суды шашып, төккен емес

3=Дискинезияның әсерінен, емделуші су тамшыларын біршамасын төгіп алды

4=Дискинезияның әсерінен, емделуші су тамшыларын көптеп төгіп алды немесе дискинезияның салдарынан жөтеліп немесе шашалып қалды _____(24)

Киіну

0= Дискинезия жоқ

1= Дискинезия бар, бірақ киінуге әсер етпейді немесе киінуді баяулатпайды

2= Дискинезия тапсырманы епті орындауға кедергі жасайды, бірақ емделушінің қозғалысы, ең көп дегенде, минималды түрде баяу

3=Дискинезия кедергі жасап, қозғалысы баяулатады, бірақ емделуші тапсырманы 60 секундта аяқтап орындайды

4=Дискинезия тапсырманы 60 секундта аяқтап шығуға мүмкіндік бермейді _____(25)

Орнынан қозғалу

0= Дискинезия жоқ

1=Жеңіл дәрежедегі дискинезия бар, алайда әдеттегі үйлесімдікке немесе қарқынға кедергі жасамайды

2= Дискинезия бар, алайда, орнынан тұру, отыру немесе жүру қарқынына кедергі жасағанмен, барлық тапсырманы орындап шығу жылдамдығына кедергі жасамайды.

3= Дискинезия бар және ол орнынан тұруға, отыруға немесе жүруге кедергі жасайды немесе бұзады. Тапсырманы орындауы баяу. Емделуші құлап қалу қаупінсіз тұрып, жүре алады.

4=Дискинезияның салдарынан, емделуші біреудің көмегінсіз құламай, жүре алмайды _____(26)

Жоғарыдағы барлық әрекеттерді ескере отырып:

Емделушінің белгілері: (барлық мүмкін жауаптарды белгілеңіз) _____ **On-күйіндегі дискинезия** _____ **Off-күйіндегі дистония** _____ **Ауысу күйі (айқын түрде On күйі де, Off күйі де болмаған жағдайда)** _____ **Дискинезия немесе дистония жоқ**

Қандай қозғалыстар көрінді? (Барлық түрлерді белгілеңіз) _____ **хорея** _____ **дистония** _____ **басқа**

Қай дискинезия басым болды (біреуін белгілеңіз) _____ **хорея** _____ **дистония** _____ **басқа**

Жалпы ұпай

Тарихи	Ұпай	Объективті	Ұпай
1. Дискинезия уақыты		16. Бет	
2. Сөйлеу		17. Мойын	
3. Тамақты шайнау/жүту		18. Оң алақан\қол\иық	
4. Тамақтану		19. Сол алақан\қол\иық	
5. Киіну		20. Дене	
6. Жеке бас гигиенасы		21. Оң аяқ басы\аяқ\сан	
7. Қолжазба		22. Сол аяқ басы\аяқ\сан	
8. Хобби\күнделікті әрекеттер		23. Қарым-қатынас жасау	
9. Жүру\тепе-теңдікті сақтау		24. Су ішу	
10. Қоғамдық және әлеуметтік ортада өзін ұстау		25. Киіну	
11 Толғандыратын немесе эмоционалдық жағдайлар		26. Орнынан қозғалу	
12 Off күйіндегі дистонияның уақыты			
13. Дистонияның күнделікті әрекеттерге әсері (ауырсыну емес)			
14. Дистониядан туындаған ауырсырудың әсері			
15. Дистония ауруының ауырлық дәрежесі			
Тарихи суб-ұпай (барлығы)		Объективтік суб-ұпай (барлығы)	
Дискинезияның бірыңғай рейтинг шкаласының (UDysRS) барлық ұпай саны (Тарихи + Объективті):			